

**"Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 647 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 12 қарашадағы № 562 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 15 желтоқсанда № 6684 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 77 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2014 № 77 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 6 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.3.5-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 647 бұйрығына (Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының 2009 жылғы № 4 актілер жинағында жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5480 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесінде:

4 - тармақ алынып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып

алу туралы 1-ГЗ есеп, шағын кәсіпкерлік субъектілерінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп, орта кәсіпкерлік субъектілерінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу кезінде қазақстандық мазмұн көлемдері туралы есеп осы Ережеге тиісінше 1, 2, 2-1, 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты режимде күн сайын қ а л ы п т а с а д ы . » ;

8 - тармақ алынып тасталсын ;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алу веб-порталында қалыптасатын есептілікті қорытындылауды жүзеге а с ы р а д ы . » ;

Ереженің 10-тармағында «2» деген цифрдан кейін «, 2-1» деген цифрлармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Уәкілетті орган жинау, қорыту және талдау жолымен мүдделі органдарға одан әрі ұсыну және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетенінде жариялау мақсатында 1-ГЗ есептің, шағын кәсіпкерлік субъектілерінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есептің, орта кәсіпкерлік субъектілерінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есептің және қазақстандық мазмұн көлемдері туралы анықтаманың жиынтық деректерін қалыптастырады»

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

1, 2, 3-қосымшаларда «Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын тапсырыс берушінің бірінші басшысының не жауапты хатшысының немесе жауапты хатшының өкілетін жүзеге асыратын лауазымды тұлғаның не оның міндетін атқарушы тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты және электрондық цифрлық қолтаңбасы.» деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу әдіснамасы департаменті (Әмрина Г.Ә.) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б.Жәмішев*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2010 жылғы 12 қарашадағы  
 № 562 бұйрығына қосымша  
 Тауарларды, жұмыстарды,  
 көрсетілетін қызметтерді сатып  
 алу кезінде қазақстандық  
 мазмұнның көлемі туралы  
 ақпаратты ескере отырып,  
 есептілікті жинау, қорыту  
 және талдау ережесіне  
 2-1-қосымша

**\_\_\_\_\_жылғы \_\_\_\_\_ жарты жылдыққа орташа кәсіпкерлік субъектілерінен  
 тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып  
 алу туралы есептің нысаны (тапсырыс берушінің атауы)**

| N p/<br>с |                                                                 | Барлығы<br>(теңге) | оның ішінде          |                                     |                       |                                                              |                        |                                                               |
|-----------|-----------------------------------------------------------------|--------------------|----------------------|-------------------------------------|-----------------------|--------------------------------------------------------------|------------------------|---------------------------------------------------------------|
|           |                                                                 |                    | Тауарлар,<br>барлығы | оның<br>ішінде<br>импорт<br>бойынша | Жұмыстар<br>, барлығы | оның ішінде<br>резидент<br>еместер<br>орындайтын<br>жұмыстар | Қызметтер<br>, барлығы | оның ішінде<br>резидент<br>еместер<br>көрсететін<br>қызметтер |
|           | 1                                                               | 2                  | 3                    | 4                                   | 5                     | 6                                                            | 7                      | 8                                                             |
| 01        | Тауарларды,<br>жұмыстарды,<br>көрсетілетін<br>қызметтерді сатып |                    |                      |                                     |                       |                                                              |                        |                                                               |
| 03        | оның ішінде орташа<br>кәсіпкерлік<br>субъектілерінен            |                    |                      |                                     |                       |                                                              |                        | .                                                             |

Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын тапсырыс берушінің бірінші басшысының не жауапты хатшысының немесе жауапты хатшының өкілетін жүзеге асыратын лауазымды тұлғаның не оның міндетін атқарушы тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты және электрондық цифрлық қолтаңбасы.